

Бекітемін:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты» РММІ директоры

«Қаралды» педагогикалық

Хаттама

№

6

«22» 03 2026 ж.

Абдрашев Б.

«20» 03 2026

№ 28

20.03.2026



Білім беру ұйымындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес туралы Қағидалары

I. Негізгі қағидалары

1. Осы Қағидалар келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
 - «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы;
 - Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

2. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Профилактика кеңесі) – әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған білім алушылармен және отбасылармен профилактикалық жұмысты үйлестіру мақсатында құрылатын білім беру ұйымының алқалы кеңесші органы болып табылады.

3. Профилактика кеңесі өз қызметін білім беру ұйымының құзыреті шегінде жүзеге асырады және мемлекеттік профилактика жүйесі органдарының функцияларын алмастырмайды.

II. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің мақсаттары мен міндеттері

4. Профилактика кеңесі қызметінің негізгі мақсаты – білім алушылар арасында құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздық пен панасыздықтың және өзге де теріс құбылыстардың алдын алу, сондай-ақ баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

5. Профилактика кеңесінің міндеттері:

- әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған білім алушылар мен отбасыларға қатысты материалдарды қарастыру;
- білім алушыларды және (немесе) отбасыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару туралы шешім қабылдау;
- жеке профилактикалық, тәрбиелік және психологиялық жұмысты үйлестіру;
- педагог қызметкерлер мен мектеп әкімшілігіне ұсынымдар әзірлеу;
- заңнама шеңберінде ішкі істер органдарымен, кәмелетке толмағандар істері

- және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялармен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- жеке профилактикалық жұмыс іс-шараларының орындалуын бақылау.

III. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің құрамы

6. Профилактика кеңесі мектеп директорының бұйрығымен құрылады.
7. Профилактика кеңесінің құрамына кіреді:
 - мектеп директоры — Кеңес төрағасы;
 - тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары — төрағаның орынбасары;
 - педагог-психолог;
 - сынып жетекшілері (қаралатын мәселелерге сәйкес);
 - мектеп әкімшілігінің шешімі бойынша өзге де педагог қызметкерлер.

IV. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру

8. Профилактика кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ тоқсанына кемінде бір рет.
9. Профилактика кеңесінің отырысы оның құрамының кемінде жартысы қатысқан жағдайда құқықтық күші бар деп есептеледі.
10. Мәселелерді қарастыру мына негізде жүзеге асырылады:
 - сынып жетекшілерінің ұсынымдары;
 - педагогтер мен педагог-психологтың материалдары;
 - мектеп әкімшілігінің ақпараттары;
 - қажет болған жағдайда – профилактика жүйесі органдарының материалдары.
11. Білім алушының ата-аналары (заңды өкілдері) Профилактика кеңесінің отырысы туралы хабарландырылады және заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мәселені қарауға қатысуға құқылы.

V. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің шешімдері

12. Профилактика кеңесінің шешімдері алқалы түрде, Кеңес мүшелерінің қатысқан дауыстарының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.
13. Профилактика кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді және келесі жағдайларға негіз болып табылады:
 - білім алушыны және (немесе) отбасын мектепішілік есепке қою;
 - мектепішілік есептен шығару;
 - жеке профилактикалық жұмыс жоспарын әзірлеу және іске асыру.
14. Қабылданған шешімдер ата-аналардың (заңды өкілдердің) назарына қол қою арқылы жеткізіледі.

VI. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің құжаттамасы

15. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес келесі құжаттаманы жүргізеді:
 - Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңесті құру туралы бұйрық;
 - отырыс хаттамалары;


- мектепшілік есепке қою және есептен шығару туралы ұсынымдар;
- жеке профилактикалық жұмыс жоспарлары;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу карталары.

16. Құжаттама құпиялылық пен дербес деректерді қорғау талаптарын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен сақталады.

VII. Қорытынды қағидалары

17. Осы Ереже мектеп директоры бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

18. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мектеп директорының бекітуімен енгізіледі және егер оларды бекіту туралы шешімде өзгеше көзделмесе, бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Дайындаған:			
№	Қызметкерлер аты-жөні	Лауазымы	қолы
1.	Сокпаева Аян Алтаевна	Тәрбие жөніндегі директордың орынбасары	
Келісілді:			
№	Қызметкерлер аты-жөні	Лауазымы	қолы
1.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
2.	Сурапбергенова Светлана Алмабаевна	Директордың музыка жөніндегі орынбасары	
3.	Болсамбеков Нияз Абдыкадирович	Мектеп-интернаттың заңгері	